«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бұлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Ақермен ауылы **26 мамыр 2025 жыл**

Бұйрық №11

Сыбайлас жемқорлыққа
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2,4- тармақтарына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бұлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысының 25 тармағының 6 тармақшасы негізінде**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәукелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар: кәсіпорнының қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;кәсіпорнының ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілсін;

2.Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданы білім бөлімінің «Бұлдіршін» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі- Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін.

3. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Кәспорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылсын.

4.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы мерзімі 2024 жылдың 1-қыркүйегінен бастап 2025 жылдың 25 –мамыр аралығындағы кезең болып айқындалсын.

5.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

Меңгеруші: **Ж.Нарымбетова**

Қосымша №1
«Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының Меркі ауданының
білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының меңгерушісінің
2025 жылдың 26 мамырдағы
№11 бұйрығымен бекітілді

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу іс-шаралар жоспары

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Ақпарат жинау: Талдау обьектісінің 2024-2025 оқу жылындағы қызметі туралы есебі . 2024-2025 оқу жылына тәртіптік тәжірибе туралы ақпарат 2024-2025 оқу жылы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат	27.05.2025 жыл	Бөбекжай әкімшілігі
2.	Талдау обьктісінің қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан талдау Оның ішінде қызмет бағыттары бойынша: 1) Персоналды басқару 2) Мемлекеттік қызметтер көрсету	27.05.2025 жыл	Жұмысшы топ
3.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарын тізбесін	27.05.2025 жыл	Жұмысшы топ

	қалыптастыру отырып айқындау		
4.	Талдамалық анықтама әзірлеу	27.05.2025 жыл	Жұмысшы топ
5.	Талдамалық анықтамаға қол қою	27.05.2025 жыл	Жұмысшы топтың мүшелері
6.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс шаралар жоспарларына қол қою.	27.05.2025 жыл	Жұмысшы топ

Қосымша №2
«Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының Меркі ауданының
білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының меңгерушісінің
2025 жылдың 26 мамырдағы
№11 бұйрығымен бекітілді

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Салпиева Гульмира Ержановна	--«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының әдіскері, топ жетекшісі;
	Топ мүшелері:
Жаманбаева Кулсин Оналбековна	-«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының кәсіподақ төрайымы;
Абдрахманова Карлыгаш Есенгельдиевна	--«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі;
Отарбаева Индира Маликовна	--«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының есепшісі;
Джумагулов Ахмет Камзаевич	- «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының шаруашылық меңгерушісі ;
Хатшы	
Даркенбаева Балжан Арымбаевна	-«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі ;

«Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау отырысының №1 хаттамасы

Ақермен ауылы **17.06.2025 жыл**

Қатысқандар:

Салпиева Гульмира Ержановна -«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының әдіскері , топ жетекшісі;

Топ мүшелері:

Жаманбаева Кулсин Оналбековна -«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының кәсіподақ төрайымы;

Абдрахманова Карлыгаш Есенгельдиевна -«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі;

Отарбаева Индира Маликовна -«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының есепшісі;

Джумагулов Ахмет Камзаевич - «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының шаруашылық меңгерушісі;

Хатшы
Даркенбаева Балжан Арымбаевна - «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін қарау;
2. Алдын алу шараларын ұсыну;
3. Тиісті шешім қабылдау;

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау» жүргізу жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі-Салпиева Гульмира Ержановна келесі ақпаратты мәлімдеді: «Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың негізгі нәтижелерімен таныстырып өтті. Талдау нәтижесі Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтарын бекіту туралы» бұйрығының 2 Қосымшасына құрылымына сәйкес жасақталған. Талдау анықтамасына сай, нәтижесі төмендегідей:

- Персоналды басқаруда бөбекжай-бақшасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алмаған;
- Мүдделер қақтығысы орын алған жоқ;
- Мемлекеттік қызмет көрсету барысында бұзушылықтар анықталған жоқ;
- Рұқсат беру және бақылау-тексеру функцияларын іске асыру қарастырылмаған;
- Бюджет және қаражат игеру және бөлу заң шеңберінде жүзеге асырылған, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;
- Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ;

Тыңдалды: Отырыстың екінші мәселесі «Алдын алу шараларын ұсыну» бойынша «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі Ж.Нарымбетова ақпарат ұсынды. Ол, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қоғамдық мониторингтің қорытындысы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 2015 Жарлығына сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Сонымен қатар,№153 бұйрығына сай «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» білім бөлімі мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілетінін айтты.

Тыңдалды: Аталған мәселе бойынша мекемеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылды және оған жұмыс жоспары құрылды . Жоспарға сай отырыстар өткізіліп хаттамалары рәсімделді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарында іс-шаралар бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» талаптарына сай жасақталынды. Сонымен қатар, бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже» де ескерілді.

Отырыстың қатысушылары күн тәртібіндегі аталған мәселелерді талқылай келе ,шешім шығарды:

Шешім:

-Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында іс-шаралар ары қарай жүргізілсін;

-Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыру үшін қызметкерлерге этика және заң нормаларын толық меңгертуге жағдай жасалсын;

-Тиісті ақпараттар жеткілікті деңгейде жариялансын;

-Алдын алу шараларына – ақпараттың ашықтығы қамтамасыз етілсін; қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілсін; анонимді шағым беру мүмкіндіктері жасалсын;

Жұмыс тобының мүшелері		**Г.Салпиева**
		К.Абдрахманова
		К.Жаманбаева
		И.Отарбаева
		А.Джумагулов
Хатшы		**Б.Даркенбаева**

ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ
«Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Ақермен ауылы 17.06.2025 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес «Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау «Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысының 2025 жылғы 26 мамырдағы №11 санды «Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылдың 1-қыркүйек 2025 жылдың 25-мамыр айы аралығына жүргізілді.

Сыбайлас жемкорлык тауекелдеріне ішкі талдауды «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналық қазыналық кәсіпорнының 2025 жылгы 26 мамырдағы №11 бұйрығымен құрылган келесі құрамдагы жұмыс тобы жүргізді:

Салпиева Гульмира Ержановна - «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының әдіскері, топ жетекшісі;

Топ мүшелері:

Жаманбаева Кулсин Оналбековна - «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының кәсіподақ төрайымы;

Абдрахманова Карлыгаш Есенгельдиевна --«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі;

Джумагулов Ахмет Камзаевич	-	-«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының шаруашылық меңгерушісі
Отарбаева Индира Маликовна	-	«Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасының есепшісі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Талдаудың міндеттері мен мақсаттары:

Талдау мақсаты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да сыбайлас жемқорлықпен күресу және жою болып табылады.

Талдаудың міндеті Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасыныңМеркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою болып табылады.

1. Талдау кезінде пайдаланылатын ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып табылады:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілікті;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтер;

4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;

5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау шараларының нәтижелері;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері

7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

Сипаттама бөлігі:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

1.1. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Нормативтік-құқықтық база: Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасыныңМеркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, құқық белгілейтін, құрылтайшы құжаттары:

-«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалының Меркі аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің 2021 жылдың 27 қаңтардағы Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы №050440005579;

- Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 23 қарашадағы №261 қаулысымен бекітілген Жарғысы;

- Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ19RVK00030215 хабарламасы;

-Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды №H.05.X.KZ01VWF00097528

Кадрларды басқару «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында бос орын пайда болған кезде ол туралы Enbek.kz сайтында және педагог қызметкерлерді қабылдау үшін әлеуметтік желілерге хабарландыру жарияланады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі- Кодекс) 21-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастарды қызметкер мен жұмыс беруші арасында осы Кодекске сәйкес жасалатын еңбек шарты негізінде туындайды.

Талдау жүргізу кезінде кәсіпорын қызметкерлерінің штат саны- 16,5 бірлікті құрайды.

2024-2025 оқу жылы (2024 жылдың 1-қыркүйек пен 2025 жылдың 25 мамыр аралығында) қызметкерлер саны- 15

Оның ішінде барлық педагогтар саны- 6;

Кіші қызметкерлер саны-9 қызметкер;
Барлық педагогтардың арнайы білімдері бар.
Жоғары білімі бар педагогтар үлесі-5 педагог;
Арнайы орта білімді- 1 педагог;
Санаты бойынша:
Модератор - 4 педагог;
I –санатты – 1 педагог;
Педагог санатты – 1 педагог;
Санаты жоқ- жоқ

Көрсетілген кезеңде «Қазақстан Республикасын электрондық лицензиялау» порталында жоғары және арнайы орта педагогикалық білімі бар мамандарға, санат беру туралы сертификаттар мен куәліктерді верификациялау барысында жалған құжат анықталған жоқ. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес бір педагог конкурстық комиссия отырысының шешімімен жұмысқа қабылданған. Конкурспен жұмысқа қабылдау талаптары сақталынған және жұмысқа қабылдау біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Анықталған кемшілік: Бос орын пайда болған жағдайда 3 күн ішінде Еңбек.Kz порталына хабарлама жариялау қарастырылған, Конкурс кезінде жоғарыда көрсетілген №57 бұйрығының талаптары сақталғанымен, Еңбек.Kz порталына хабарлама уақытылы жарияланбаған.

Ұсыныс: Алдағы уақытта бос орын пайда болған кезде уақытылы Еңбек.Kz порталына хабарлама жариялансын.

Тексерілген кезеңде **1** қызметкер жұмысқа қабылданды, 1 қызметкер өз өтініші бойынша жұмыстан босатылды. Теріс себептер бойынша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін жұмыстан босату фактілері анықталған жоқ.

Қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру мерзімдері мен аттестаттау перспективалық жоспарларымен реттеледі және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оларға сәйкес жүзеге асырылады. Талданған кезеңде педагогтардың барлығы курстан өткен. Жүргізілген талдаудың нәтижесінде кәсіпорын меңгерушісімен жақын туыстарының бірлесіп жұмыс істеу фактілері анықталмады. Мереке қарсаңында бөбекжай-бақшаның әкімшілігімен сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мақсатында ата-аналар және қызметкерлер үшін насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде, қызметкерлер қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыйлықтарды қабылдамайды.Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады.

Басшының және қызметкерлердің табысы мен мүлкі туралы декларациясы белгіленген мерзімде тапсырылған.

Қызметкерлердің жалақылары және ай сайынғы міндетті аударымдары туралы түбіртіктері ай сайын беріледі.

Тәртіптік тәжірибе. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен 2025 жылдың 25 мамырына дейін тәртіптік жаза қолданылмаған.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысысының алдын алу және шешу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесіндегі шаралардың бірі болып табылады. Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес, кәсіпорын басшысына (немесе) Құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дереу хабарлауға, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шаралар қолдануға, туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей жазбаша (ауызша) нысанда хабардар етуге міндеттелген. Мүдделер қақтығысын болдырмас үшін мекеме әкімшілігі барлық әрекетін жариялылық, ашықтық қағидасы негізінде жүзеге асырады. Есептік мерзім ішінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен бекітілген педагогикалық нормаларын қызметкерлер тарапынан бұзылған фактілері анықталмады.Тексерілген кезеңде мұғалімдердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтамауына қатысты өтініштер түскен жоқ. Еңбек тәртібін бұзу фактілері болған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлер туралы жағымсыз ақпарат жарияланған жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тиесілілік фактілері және жақын туыстары (ата-анасы (ата-анасы),балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, толық және толық аға-інілері, ата-әжесі, немерелері) немесе жұбайы анықталмаған.

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларына жәнеМемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы No 648 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық нысанда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге

асырылады және өнім берушімен кез келген байланыска жол бермейді.Шарттарды жасасудың тек электронды форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер туралы толық және сенімді ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағасын анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашық етуге бағытталған электрондық шарттар мен басқа да бірқатар нормативтік құқықтық актілерді енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға көмектесті. Жыл сайын жыл соңында мүлікті түгендеу жүргізіледі.

Анықталған кемшілік:Тексеру кезеңінде 2025 жылғы сатып алуға арналған жылдық жоспары мерзімінен кешіктіріліп мемлекеттік сатып алу Веп.порталына жүктелгендігі анықталған.

Ұсыныс:2026 жылға арналған жылдық жоспары уақытылы мемлекеттік сатып алу Веп.порталына жүктеу.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Кәсіпорын жалпы екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Соның бірі балаларды бөбекжай-бақшасына қабылдау.

Қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нормаларымен жүзеге асырылады;

Бөбекжайда баланы қабылдау кезінде төмендегі құжаттар ұсынылады:

1) Қағидалардың 1 және 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) бекітілген № 065/е нысанды профилактикалық екпелердің картасы;

3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "052-2/у" нысандағы "Бала денсаулығы паспорты";

4) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/е нысанындағы анықтама;

5) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысының (мүмкіндігі шектеулі балалар үшін) (болған жағдайда) электронды көшірмесі;

6) әскери қызметшінің немесе арнаулы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының, фельдъегерлік байланыс қызметкерінің жұмыс орнынан берілген, уәкілетті адамның қолымен және мөрімен (бар болса) расталған анықтаманың электронды көшірмесі (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды);

7) ұйым басшысының мөрімен және қолымен расталған педагогтің, медициналық қызметкердің жұмыс орнынан анықтама (берілген күннен бастап бір ай ішінде жарамды), дипломның электронды көшірмесі;

Жеке басын куәландыратын құжаттар, баланың туу туралы куәлігі туралы мәліметтер, МДҰ-ға бірінші кезекте жолдама алуды растайтын мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден тартылады.Бөбекжай-бақшаның меңгерушісі баланы бұйрықпен қабылдайды.

Қызмет көрсету уақыты автоматтандырылған жүйе арқылы жүреді.Ашықтық пен әділдік қамтамасыз етілген, кезек жүйесі автоматтандырылған. Ата-аналар онлайн бақылап отырады. Есептік мерзімде бөбекжайға электронды кезекте тұрған 3 бала қабылданды. Балаларды балабақшаға қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарында көзделмеген құжаттарды талап ету, стандартта бекітілмеген мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз түрде бас тарту сынды фактілер анықталынған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету түрінің екіншісі: педагогтерді аттестаттаудан өткізу. Кәсіпорында педагогтарды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына сәйкес жүргізілген (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 №72) Көрсетілген кезеңде 2024-2025 оқу жылында аттестациядан педагог өткен жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын рұқсат беру функцияларын орындамайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша бір бала құнымен қаржыландырылады. Қаржыландыру Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысымен асырылады. Мысалы, 2025 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша бекітілген 30 орындық бөбекжай-бақшаға соммасы 52 279 560 мың теңгені құрайды. 2024 жылға бөлінген қаражат -45 458 973 мың тенгені құрайды ,оның

ішінде қыркүйек -желтоқсан аралығында 16 129 717 мың теңгені құрайды, оның ішінде игерілген қаржы 16 129 717 мың теңгені құрайды,100 пайыз орындалды . Аталған қаражан мекеме қызметкерлердің айлығына, одан есептелетін төлемдермен аударылатын салыққа, мекеме жұмысын қамтамасыз ету үшін атқарылатын жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге, сатып алынатын тауарларға жіберіледі.

2025жылы (01.01.2025-31.05.2025) бөлінген қаражат- 22 044 156 мың теңгені құрайды,оның ішінде қантар –сәуір аралығында 19 443 216 мың теңгені құрайды ,оның ішінде игерілген қаржы 19 443 216 мың теңгені құрайды,100 пайыз орындалды

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Кәсіпорын мердігерлермен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарттар жасайды. Заңда көрсетілген мемлекеттік сатып алу тәсілдерімен жүзеге асырылады. Талдау кезеңде «Меркі-Жарық» ЖШС-мен электр қуаты, «Қазтелеком» ЖШС-мен интернет желісі мен байланыс қызметі, Меркі ауданы әкімдігінің Таза-су ШЖҚ МКК-мен ауыз су мен қамтамасыз етіп отыр, тағыда басқа қызметтер мердігерлермен келісім шарттар жасалынған. Талдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2024 жылдын қыркүйек-желтоқсан аралығында жасалған келісім шарт :

Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден – 2

Электронды дүкен-1

2025 жылдын қантар-сәуір аралығында жасалған келісім шарт :

Бағалы ұсыныстарға сұраным – 4;

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу – 3 ;

Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден – 5;

Талдау кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы Құжаттарды есепке алу Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да істер номенклатурасы бар.

Балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілері туралы мәліметтер жинақталған NOBD мәліметтер базасы бар. «INDIGO: Электрондық балабақша» веб-сайтында бала туралы барлық деректер және әрбір ата-ананың жеке кабинетінде қолжетімді электронды сабаққа қатысу парағы бар, ол балалардың сабаққа қатысуының ашықтығын көрсетеді.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Меркі ауданы білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорнының қызметінде сыбайлас жемқорлық фактісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініші негізінде сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Тексерілген кезеңде Е-Өтініш базасына 4 өтініш түсті, өтініштерге уақытында жауаптар берілді. Талданған кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету Кәсіпорын ақпаратты интернет-ресурстарда: Instagram, Facebook және балабақшаның сайтында орналастырады.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Бөбекжай-бақшаның меңгерушісі азаматтарды кесте бойынша қабылдайды. Қабылдау уақыты туралы ақпарат ақпараттық тақтады ілінген. Талдау жүргізілген кезеңге жеке тұлғалардан өтініш түскен жоқ. Сонымен қатар, хаттар мен өтініштерге арналған пломба салынған жәшігі бар. Түскен хабарламалар қаралып тіркелінеді.Сыбайлас жемқорлыққақарсы іс- қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және бөбекжай-бақшаның Жарғысына сәйкес, кәсіпорынның мүлкі құны оның балансында көрсетілетін активтерді құрайды.

Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

Кәсіпорын өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамсыз ету үшін қажет немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлікті ғана басқара алады.Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттарды негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге демәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою (бейтараптандыру) бойынша ұсыныстар:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында тұрақты ішкі бақылау және аудит жүргізіп отыру;
2. Қызметкерлердің қызметіне қатаң бақылауды қамтамасыз ету және қызметкерлердің өздерінің функционалдық міндеттері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын мүлтіксіз сақтауы туралы шаралар жүйелі жүргізу.

3. Ұжымда сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілікті қалыптастыруға арналған іс-шаралар әкімшілік және құқық бұзушылықты қарайтын және алдын алатын органдармен бірлесе отырып өткізу.

Жұмыс тобының мүшелері

Салпиева Гульмира Ержановна

Жаманбаева Кулсин Оналбековна
Абдрахманова Карлыгаш Есенгельдиевна

Отарбаева Индира Маликовна
Джумагулов Ахмет Камзаевич

Хатшы
Даркенбаева Балжан Арымбаевна

Таныстым: Карагембетова Ж.С
(мем.мекеме/ұйым басшысы, колы)

Бекітемін
«Бүлдіршін» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
Ж.С.Нарымбетова

«Жамбыл облысы Меркі ауданының білім бөлімінің «Бүлдіршін» бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспары

№	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
1	Бос орын пайда болған жағдайда 3 күн ішінде Еңбек.kz порталына хабарлама жариялау	Хабарлама жасау	Хабарлама тіркеу	Меңгеруші	Жыл бойы
2	2026 жылға арналған жылдық жоспары уақтылы Мемлекеттік сатып алу Веп.порталына жүктеу	Жоспар жасау	Жоспарды порталға енгізу	Есепші	Жыл басында